

Бекітемін/ Утверждаю:
ТОО «АЙТЕК-ИТЕС» ЖШС
«SmART kids» б/б меңгерушісі
Заведующая д/с «SmART kids»
Байжұманова М.М./ Байжуманова М.М. _____
2022-2023 ж/г

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

/Кіші «Балапан» тобы/

Музыка жетекшісі: Серік А.С.

Алматы

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы:

Топ: кіші «Балапан»

Балалардың жасы: 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.2022 жыл

Айы	Ұйымдастырыған іс-әрекет	Ұйымдастырыған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Дыбыстаудың бірінғай күшімен бірдей қарқында ән салу.</p> <p>Ән айту: ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;</p> <p>Билер: би қимылдарының қарапайым элементтерін жасау, жетекшімен бірге би қимылдарын қайталау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: әннің мәтіне сәйкес қимылдар жасап көңілді ету, «жануарлар әлемінде» қимылды қозғалысты ойын ойнау.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: естілген музыка ырғағына сай сылдырмақпен ритмдік ойнау.</p>
Қазан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: музыкағны тыңдау арқылы әуеннің көңіл күйін ажырата алу. Балалардың есту қабілетін дамыту.</p> <p>Ән айту: балалар музыка ырғағын сезінеді әнге қосылып бірге айта алады.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: музыка әуенімен үй жануарларының қимылдарын байланыстыра өимыл жасатуға үйрету.</p>

		<p>Билер: балалар жеңіл би қимылдарын жасайды. Аяқтарын топылдата алады. Қолдарын көтеріп бір орында айнала алады.</p> <p>Ойындар, хороводтар: жануарлардың жүрісін салып, қоян болып секіріп, аю болып қорбандап ойнайды.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балаларды сылдырмақты біледі, және оны сылдырлатып ырғаққа қосыла алады.</p>
Қараша	Музыка	<p>Музыка тыңдау: пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл күй танытуға үйрету.</p> <p>Ән айту: балалар аспаптың дыбыстылуымен бірге әндетуге, әуенді ырғағына сай айтуды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</p> <p>Билер: әуен мен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету. Бірінің артынан бірі шеңбер бойында жүруді үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: қимылды қозғалысты дамытуға арналған ойындарды қолдану. Қоянды мысалға келтіре отырып ол сияқты секіру, қол бұлғауды үйренеді.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар сылдырмақта ойнай алады, әуенге қосыла сылдырмақты қолдана алады.</p>
Желтоқсан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: әуен ырғақ екінін сезіне білуге, көңілді әуенді тыңдағанда көңіл күйлерін қимыл арқылы білдіре алады.</p> <p>Ән айту: балалар әуенге қосылып айта алады</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: балалар көңілді әуенге қимылдарды жасай алады, оң-солын ажырата алады.</p> <p>Билер: көрсетілген би қимылдарын қайталап жасай алады.</p> <p>Ойындар, хороводтар: балалар шеңбер бойында жүре алады. Олар өз орындарын есте сақтай алады.</p>

		Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар аспаптарды еркін ұстап, ойнай білуге баулу.
Қаңтар	Музыка	Музыка тыңдау: көңілді шат-шадыман музыка арқылы тыңдауға, естуге ынталандыру. Ән айту: қимылдық ойын арқылы ән айту сезімін ояту. Музыкалық-ырғақты қимылдар: ырғақты ажыратуға үйрету. Әуеннің ырғағына сай басып жүруге, жүгіруге дағдыландыру. Билер: әуен ырғағымен қол, аяқ, иықтарымен қимыл қозғалыс жасай алады. Ойындар, хороводтар: Балалар шеңбер бойымен жүре алады, бір-бірінің артынан жүре алады. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар дәстүрлі және дәстүрлі емес музыкалық аспаптарды қолана алады.
Ақпан	Музыка	Музыка тыңдау: ырғақты сезінуге, «жәй және тез» «ақырын және қатты» ұғымдарын түсіндіруге дағдыландыру. Ән айту: музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Музыкалық-ырғақты қимылдар: әуен ырғағымен аяқтың ұшымен өкшемен жүре алады, бәсең және жылдам ырғаққа сай қимылдар жасай алады. Билер: жетекшінің көрсеткен би қимылдарын қайталай алады Ойындар, хороводтар: балалар аспаптарды ажырата алады Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар әуенге аспаптармен сүйемелдей алады.
Наурыз	Музыка	Музыка тыңдау: музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Ән айту іскерлігін дамыту.

		<p>Ән айту: әнді анық таза айтуға үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: әуенді тыңдап көңілді, көңілсіз екенін әңгімелеу. Әуенге байланысты қимыл жасау.</p> <p>Билер: музыка мен бидің мәненлілігін қабылдауды үйрету.</p> <p>Ойындар, хороводтар: балалардың белсенді болуын қадағалау, ойынға әсерлері қандай соны саралау, ойынға белсене қатысуын қадағалау.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: жас ерекшеліктеріне байланысты күйдің екпініне ілесіп аспаптармен сүйемелдеу.</p>
Сәуір	Музыка	<p>Музыка тыңдау: музыкалық естуді дамыту, әнді нәзік сезіммен, баяу үнімен, ықылыспен айтуға үйрету.</p> <p>Ән айту: балалардың есту қабілетін дамыту. Музыка әуенімен ырғақтарды жасауды үйрету.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар: көркем ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну.</p> <p>Билер: ән мәтініне сәйкес қимылдау.</p> <p>Ойындар, хороводтар: бұрын тыңдалған шығарманы тануды бекіту, кіріспеден соң әнді бастауды, жануарлардың би қимылдарына ұқсатуды.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар аспаптарды таниды, оларды қолдана алады.</p>
Мамыр	Музыка	<p>Музыка тыңдау: дыбыс әуезділігін қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: әнді орындауға баулу, әуен ырғағымен қимыл-қозғалыс жасау дағдысын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақты қимылдар:</p> <p>Билер: қарапайым би элементтерін еркін орындауға үйрету. Жүгіріп секіруге үйрету.</p>

		<p>Ойындар, хороводтар: балаларды ойын ойнау арқылы жылдамдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар аспаптарды еркін пайдалана алады.</p>
--	--	--